

**Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті**

«8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды
даярлау» кадрларды даярлау бағытында: «8D01503 – Информатика педагогін
даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің
мәжілісі

№ 4 ХАТТАМА

Шымкент қ.

20 маусым 2025 ж.

Қатысқандар: Ибашова А.Б. – төраға,
Беркимбаев К. М. – төраға орынбасары,
Белесова Д.Т. – ғалым хатшы,
Mehmet A.S, Тажигулова А.И., Давлетова А.Х.,
Исабаева Д.Н.

Кеңестің барлық мүшелері – 7 адам

Ресми рецензенттер – 2 адам

Қатысқандар – 9 адам

Ғалым хатшы Белесова Дамира Турсынхановна: Құрметті кеңес мүшелері, сіздерге уатсапқа сілтеме жібердім. Сол сілтеме бойынша тіркелуден өтсеңіздер.

Диссертациялық кеңестің төрағасы, п.ғ.к. Ибашова Альмира Байдабековна:

Бүгінгі диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттеріне және қатысып отырған шетелдік жетекшілерге үлкен алғысымызды білдіреміз! Барлықтарыңыздан сұранатыным, ұялы телефондарыңызды өшіріп қойсаңыздар.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 6 наурыз 2024 жылғы №4/051, 9 қаңтар 2025 жылғы №4/004 бұйрықтары негізінде 8D01503 – Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің 4 тұрақты мүшесі және 13 мамыр 2025 жылғы №4/078, 13 маусым 2025 жылғы №4/090 бұйрықтарындағы сәйкес диссертациялық кеңестің 3 уақытша мүшесі бекітілді. Кеңестің тұрақты мүшелерімен таныстырып өтейін:

1. Кеңес төрағасы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті – Ибашова Альмира Байдабековна.

2. Төраға орынбасары – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Кентау институтының директоры - Беркимбаев Камалбек Мейрбекович.

3. Кеңестің ғалым хатшысы - Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Информатика кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы (PhD) – Белесова Дамира Турсынхановна.

4. Туркия мемлекеті Гази университетінің Білім беру факультетінің профессоры, философия докторы (PhD) – Мехмет Акиф Сөзер.

- Мехмет бей! Сіз қатысып отырсыз ба? Merhaba!

- Merhaba!

- Иә, қатысып отырмын. Teşekkür ederim.

Кеңестің уақытша мүшелері:

1. Тажигулова Альмира Избасаровна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ғылыми ақпараттандыру орталығы (Алматы қ., Қазақстан);

2. Давлетова Айнаш Халиуллинұлына – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан);

3. Исабаева Даража Нағашыбаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Алматы менеджмент университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 13 мамыр 2025 жылғы №4/078 бұйрығы негізінде **ресми рецензенттер** бекітілді. Олар:

1. Мукашева Манаргуль Умирзаковна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы (Астана қ., Қазақстан);

2. Кажиақпарова Жадыра Сериковна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (Орал қ., Қазақстан).

Отандық ғылыми жетекшісі:

Кадирбаева Роза Изтлеуовна – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан;

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:

Гриншкун Вадим Валерьевич - Ресей білім академиясының академигі, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті «Білім беруді ақпараттандыру» департаментінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

- Уважаемый Вадим Валерьевич! Вы присутствуете? Мы вас видим.

- Доброе утро, коллеги! Здравствуйте! Да, я с вами.

- Спасибо огромное вам!

Диссертациялық кеңестің бүгінгі мәжілісіне Диссертациялық кеңестің 7 мүшесі, 2 ресми рецензенттер және 2 ғылыми кеңесшілер қатысып отыр. Оның ішінде 1 кеңес мүшесі және шетелдік ғылыми кеңесші онлайн режимде қатысуда. Залда қатысушылар саны – 9. Мәжілісті бастауға кворум жеткілікті. Мәжілісті бастайық деген ұсынысым бар. Қолдауларыңызды сұранамын. Дауыс берейік.

Қалыс, қалғандар - жоқ.

Барлығы бірауыздан келісіп отыр.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

«8D01503 – Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғау бойынша диссертациялық кеңесінің мәжілісі.

Диссертациялық жұмыс Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде орындалған.

Диссертация қорғауға алғаш рет ұсынылып отыр.

Сіздердің қолдарыңызда докторлық диссертациясы, диссертациясының аңдатпасы бар.

Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері! Олай болса, кеңестің мәжілісін бастауға рұқсат етіңіздер.

Ізденушінің жеке ісіндегі құжаттармен таныстыру үшін сөз диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD) Белесова Дамира Турсынхановнаға беріледі.

Ғалым хатшы Белесова Дамира Турсынхановна:

Қайырлы күн құрметті кеңес мүшелері, ресми рецензенттер және осында жиналған қауым!

Сіздерді диссертациялық кеңестің ережелеріне сәйкес, докторант Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның диссертациялық Кеңеске келіп түскен жеке құжаттарымен таныстыруға рұқсат етіңіздер:

Бедебаева Майра Ерсұлтановна 1983 жылдың 10 мамырында Шымкент қаласында дүниеге келген.

1990-1999 жылдар аралығында Шымкент қаласы Тассай тұрғын үй массивіндегі №116 Дина Нұрпейісова атындағы жалпы орта мектебінде білім алған.

1999-2003 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Информатика» мамандығы бойынша бітіріп, информатик біліктілігін алған.

2003-2005 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің магистратура бөлімін «Қолданбалы математика» мамандығы бойынша оқып, Қолданбалы математика магистрі біліктілігі мен академиялық дәрежесін алған.

2002-2003 жылдары №116 Дина Нұрпейісова атындағы жалпы орта мектепте информатика пәнінің мұғалімі, 2003-2006 жылдары Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Математика және информатика» кафедрасында оқытушы, 2006-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің “Бағдарламалау және ЕТ” кафедрасында оқытушы, 2008-2009 жылдары осы университеттің физика-математика факультетінің декан орынбасары, 2011-2012 жылдары

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің «Математика және информатика» кафедрасының аға оқытушысы, 2012-2015 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, 2015-2023 жылдары Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің информатика пәнінің мұғалімі қызметін атқарған.

2019-2022 жылдары Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінде «8D01503 – Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураны бітірді.

2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Информатика» кафедрасының постдокторанты қызметін атқаруда.

Тұрмыс құрған. Екі ұл, бір қызы бар.

Диссертация тақырыбы бойынша орындалған ғылыми зерттеулердің нәтижесі 13 жарияланымдарда көрініс тапқан, оның ішінде Scopus халықаралық рецензияланатын журналдарда – 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 4 мақала, шет елде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында – 2 мақала, ҚР ұйымдастырылған халықаралық конференциясында - 3 мақала, 1 - авторлық куәлік және 1 оқу құралының авторы. Қазіргі таңда диссертанттың Scopus деректер базасындағы Хирш индексі – 1.

Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның жеке іс парағында жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім алу дипломдары, еңбектер тізімі және көшірмелері, отандық және шетелдік ғылыми жетекшілердің пікірлері, диссертациялық жұмыс бойынша кафедраның оң шешім туралы хаттамасы және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің қойған талаптарына сай жасалынған құжаттары келтірілген.

- Докторанттың іс-қағаздарына қатысты сұрақтарыңыз болса?
- Жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Үлкен рақмет! Докторанттың іс-қағаздарына қатысты сұрақтарыңыз жоқ болса, онда ары қарай жалғастырайық.

Диссертацияның негізгі мазмұнын баяндау үшін сөз кезегі Бедебаева Майра Ерсұлтановнаға беріледі. Регламент 20-25 минут. Регламент сақтайық.

Докторант Бедебаева Майра Ерсұлтановна: Диссертацияның негізгі мазмұнын баяндайды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Рақмет сізге диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша жасалған баяндамаңыз үшін. Енді сұрақ-жауапқа көшсек. Сұрақтарыңыз болса, қоя берулеріңізге болады.

Докторантқа сұрақтар:

П.ғ.д., профессор Тажигулова Альмира Избасаровна:

Майра Ерсултановнаға мынадай сұрақтарым бар, үш сұрағым. Сіздің зерттеуіңіздің басқа зерттеулерден айырмашылығы неде? Екінші сұрақ – болашақта бұл зерттеуді жалғастыру жоспарыңызда бар ма? Қай бағытта? Үшінші сұрақ – аралас оқытуда қандай платформалар және құралдарды пайдаландыңыз?

Жауап: Құрметті Альмира Избасаровна, берген сұрағыңызға көп рақмет! Бірінші сұрақ бойынша, негізінен, біздің зерттеу жұмысымызда екі технологияны қарастырдық. Бұл – CLIL және аралас оқыту технологиялары. Біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың ерекшілегі, бұл – олардың интеграциясы. Яғни, біз екі технология интеграцияланған модель ұсындық. Негізінен, CLIL технологиясын қолдану және аралас оқыту технологиясын қолдану бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары өте көп, алайда интеграцияланған жұмыстардың осы бастамасы шығар деп ойлаймын.

Екінші сұрақ бойынша, әрине, осы ғылыми-зерттеу жұмысымды жалғастыру жоспарым бар. Ары қарай осы біз ұсынып отырған интеграцияланған модель, бұл тек информатика пәніне ғана қатысты. Енді осы модельді басқа да жаратылыстану пәндеріне кіріктіріп, жалпы CLIL модель жасасақ болады. Ол модель арқылы кез келген пәнге оны қолдануға болатындай етіп деп ойлаймын.

Үшінші сұрақ бойынша, негізінен, дайын платформалар, жалпы аралас оқыту технологиясын қолдану үшін міндетті түрде платформа қажет. Енді, ол үшін ұсынылатын, негізі тегін және ақылы түрде платформалар өте көп. Бірақ, біз зерттеу жұмысымызда нақты бір оқу-әдістемелік, ақпараттық білім ортасын өзіміз жасап, соны қолдандық. Жалпы зерттеу барысында менде практикада болған, Microsoft Teams қолданғанбыз немесе басқа да программалар бар. Сол жерде барлық ресурсты қолданып, жұмыс жасай беруге болады. Рақмет!

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Қанағаттандыңыз ба жауаптарға? Рақмет үлкен! Сұрақтарыңыз болса?

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Исабаева Даража Нагашыбаевна:

Майра Ерсултанқызы, жұмыс өте өзекті. Мынадай сұрақтар. Бірінші сұрағым. Жаңа форматтағы сабақ. Оны жоспарлау барысында қандай қиындықтар туындады? Қазіргі таңда осы эксперимент жүргізу барысында мұғалімдер дайын ба? Оған контент дайын болды ма? Қандай қиындықтар болды? Екінші сұрақ. Технологияларды тиімді қолдану үшін, мысалы сіз аралас сабақты ұйымдастыру үшін арнайы технологиялар керек, инфраструктура дайын болу керек мектептің. Соған қаншалықты дайын? Бұл екінші сұрақ. Үшінші сұрақ. Сіз Hard CLIL, содан кейін Soft CLIL қарастырыпсыз диссертациялық жұмыстың мазмұнында. Шаблон ұсыныпсыз өте жақсы. Бірақ, CLIL-дің әр түрлі форматтары бар, бірнеше типтері бар. Соған қатысты сіздің шаблон қаншалықты тиімді жұмыс жасайды?

Жауап: Құрметті Даража Нагашыбаевна! Берген сұрағыңызға рақмет. Бірінші сұрақ бойынша, негізінен, кез-келген жаңа нәрседе, жаңа нәрсе жасау кезінде міндетті түрде қиындықтар туады. Енді біздің зерттеу жұмысымызда біріншіден, жалпы ресурстардың барлығы ағылшын тілінде болғандықтан, соны дайындауда қиындықтар болды. Екі тілде дайындалды ресурстардың барлығы. Екіншіден, әдістемелік тұрғыдан, енді осы ресурстарды балаларда бізге қажетті дағдыларды алу үшін қаншалықты біз тиімді ұйымдастыра аламыз сабағымызды, қандай әдістерді қолданамыз. Әдістемелік жағынан бұл өте үлкен жұмыс және ойлауды қажет етеді. Тағы да білім алушыларды осы форматқа үйрету. Яғни бұл жерде бірден-бір дамиды дағды бұл – өздігінен білім алу дағдысы қалыптасады білім алушыларда. Алғашқыда олар немқұрайлық танытты, бірақ уақыт өте келе олар өздігінен сабақ оқи алу және уақтылы тапсырмаларды орындау өте маңызды екенін түсініп, сол дағдыны өздерінде қалыптастырды.

Екінші сұрақ осы технологияларды тиімді қолдануда инфраструктура қаншалықты дайын, материалдық база. Қазіргі таңда жалпы мектептерде, білім беру мекемелерінде, әсіресе ковидтен кейін материалдық-техникалық база біршама толықты. Интернет орнату, осы ковид кезінде соның барлығы айқын көрінді, кемшіліктер. Министрлік тарапынан осы кемшілікті жоюға көптеген жұмыстар жүргізілді. Сондықтан да материалдық-техникалық жағынан бұл толықтырылды деп енді айтуға негіз бар. Енді әдістемелік ресурс жағынан біз қазір міне ұсынып отырмыз, жасап жатырмыз, ары қарай осы тәжірибемізді таратып, осы модельді қолдануға шақыратын боламыз әріптестерді.

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Исабаева Даража Нагашыбаевна:

Жақсы, ротацияны көрдім. Слайдты ашсаңыз, сол ротацияны анық көрсетіңізші. Аралас оқытуға қатысты ротацияны көрсетіңіз. Үш түрлі ротацияны байқадым. Ұйымдастыруға байланысты ротация ұсынып тұрсыз ба әлде оқыту әдісіне байланысты ротация ма? Мысалы, аралас оқыту онлайн мен дәстүрлі оқытудың қосындысы ғой. Сонда мына жерде қай оқушы онлайнда отырады? Қай оқушы офлайн отырады? Осы ротация ма?

Жауап: Бұл жерде, бірінші бекет ротациясы деген бұл бір сыныпта жүзеге асады, сыныптың ішінде. Бұл жерде, мысалы үш станция болады, бекет болады. Соның біреуінде ғана олар компьютермен жұмыс жасайды. Бір станцияда, сыныпта отырып. Келесі лаборатория ротациясы, бұл енді жоғары сынып білім алушылары немесе студенттерге арналған. Бұл жерде арнайы жабдықталған оқу кабинеттері болады. Сол жерге материалдық-техникалық база, оқу ресурстары барлығы салынады. Сол жерге барып, білім алушылар кесте бойынша қажетті тапсырмаларды орындап, білімді алып кетеді. Иілгіш моделі бұл ұзақ мерзімді жүреді, мысалы бір период кезінде айталық екі апта олар тек қана сыныпта оқуы мүмкін, қалған бір ай олар онлайн оқуы мүмкін деген сияқты. Бірақ, бұл мектепке келмей тұр. Сосын төңкерілген сынып моделі. Бұл жерде білім алушылар онлайн тапсырмаларын үйінде орындайды да, сыныпта мұғаліммен бірге жұмыс жасайтын болады.

П.ғ.к., доцент Давлетова Айнаш Халлиуллиновна:

Менде сұрағым бар, Майра Ерсултановна. Моделіңізді ашсаңыз. Модель бойынша сұрақ. Жасалған интеграциялық модельді көрсеткенсіз. Сол жерде қандай пәндерді қосымша қолдануға болады? Мысалы, сіз информатиканы пайдаланғансыз. Тағы қандай пәндерде қолданасыз?

Жауап: Айнаш Халлиуллиновна, сіздің берген сұрақтарыңызға рақмет! Негізінен CLIL технологиясын жалпы бізге ендірілген кезде жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту қажет деген жоба бойынша енгізілді. Сонда жалпы орта мектептерде жаратылыстану пәндерінде информатика, физика, химия, биология пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін қолданылды. Енді мен нақты бұл модельді информатикаға деп алдым, бірақ жалпы басқа пәндерге де қолдануға болады, жаңағы атап өткен пәндерге болады, бірақ ішінара пәннің ерекшелігіне байланысты өзгерістер енгізілуі мүмкін деп ойлаймын, бұл болашаққа бір жоспар ретінде.

П.ғ.к., доцент Давлетова Айнаш Халлиуллиновна:

Екінші сұрағым. Тілдік деңгейі төмен оқушыларды бағалау қамтамасыз етіледі ме?

Жауап: Тілдік деңгейі бойынша бағалау, CLIL технологиясы жалпы тілдік дағды мен пәндік білімді қатар бағалауға арналған. Тілдік білім бұл жерде қалай бағаланады? CLIL-да «скаффолдинг», яғни қолдау көрсету деген ұғым бар. «Подмости» дейміз ғой. Білім алушылар үшін арнайы бір қолдау көрсететін әдістерді ұсынуға болады. Мысалы, видео берсек субтитрімен немесе бір мәтін берсек, кілттік сөздердің аудармасымен. Сонымен қатар, мысалы бос орындарды толтыру тапсырмасы немесе тапсырманы бергенімізде сараланған тапсырмалар беру, бір бала үшін деңгейі төмен болып жатса, қиын болып жатса, онда біз оған көбірек қолдау көрсетеміз, кілттік сөздерді толық ашып көрсетеміз. Ал мықты балаға мүлдем кілттік сөз бермейміз, ал орта деңгейде болса, кілттік сөздерді артық кілттік сөздермен береміз. Сонда сараланған тапсырмалар болады. Біз тілдік қолдау көрсеттік.

Сонымен қатар, рұқсат етілетін, мысалы CLIL технологиясы бойынша ұйымдастырылған сабақта екі тілде сөйлеу рұқсат етіледі. Яғни, мұғалім бірден барып ағылшын тілінде бастап кетпейді. Басында, міндетті түрде өз тілінде айтып, түсіндіреді. Яғни, «переход» болады бір тілден екінші тілге. Switching деген әдіс бар. Бір тілден екінші тілге қажетіне қарай переход жасау. Бұл мұғалімнің құзыреттілігінде.

П.ғ.к., доцент Давлетова Айнаш Халлиуллиновна:

Жақсы. Үшінші сұрақ. Сіз ғалымдардың жұмыстарын қарап кеткенсіз ғой. Соның ішінде Нариман Санияның жұмысын қарағансыз. Айырмашылығы қай жерде сізде CLIL технологиясында? Мысалы, менің білетінім, Нариман Сания университеттің студенттеріне берілген қарастырған әдістемесі, ал сізде мектепте. Сонда сізде айырмашылығы қай жерде?

Жауап: Енді бұл жерде CLIL технологиясы ғана қолданылып тұр. Ал мен жұмысымда аралас оқыту технологиясымен интеграцияладым. Менің айырмашылығым сол болып тұр.

П.ғ.к., доцент Давлетова Айнаш Халлиуллиновна:

Жақсы, рақмет!

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Исабаева Даража Нагашыбаевна:

Үшінші сұраққа жауап ала алмадым. Hard Skill-ға байланысты. Hard CLIL. Жаңа сіз шаблондар көрсеттіңіз ғой. Ерекшеліктер бар ма осы CLIL-дің түрлеріне байланысты.

Жауап: Hard CLIL және Soft CLIL. Бір әдісінде тілге басым беріледі, екіншісінде мазмұнға, яғни, біреуі коммуникацияға, біреуі мазмұнға. Енді негізінен бұл модель аралас оқыту модельдері ғой ұсынып отырғанмыз. Бірақ мазмұнға байланысты, мысалға, жаңағы компьютерде жұмыс жасап отырған кезде, балалар, ротацияда компьютерде өздігінен жұмыс жасаған кезде мазмұнға басымдылық беріледі, ал топтық жұмыста коммуникацияға басым беріледі. Сондықтан қамтиды деп ойлаймын. Мазмұнды ағылшын тілінде, бірақ біз электронды түрде екі тілде де ұсындық, ағылшын және қазақ тілдерінде. Бірақ мазмұнмен жұмыс жасайды балалар, ал топтық жұмыста бір-бірімен коммуникация жасау арқылы дамиды.

Философия докторы (PhD) Белесова Дамира Турсынхановна:

Ұсынып отырған модельде қандай педагогикалық қағидаларды ұстандыңыз?

Жауап: Дамира Турсынхановна! Берген сұрағыңызға рақмет! Бұл жерде тұлғаға бағдарланған қағида десек болады, өйткені, әрбір білім алушының өзінің жеке траекториясы ескерілді. Сонымен қатар, интерактивтілік оқыту қағидасы десек болады, бұл жерде, білім алушылар бір-бірімен әрекет етеді, сонда интерактивтілік болып тұр. Сонымен қатар, интеграциямен пәнаралық байланыс жүреді бұл жерде. Міндетті түрде пәнаралық байланыс, яғни, өз тілі және ағылшын тілі. Сонымен қатар, тағы да бір қағида – өздігінен жұмыс жасау қағидасы. Яғни, бұл жерде білім алушылар міндетті түрде өздігінен жұмыс жасайды және дағдысы қалыптасады. Рақмет.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Қанағаттандыңыз ба жауабыңызға?

Философия докторы (PhD) Белесова Дамира Турсынхановна:

Иә.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Сізде сұрағыңыз бар ма?

П.ғ.д., профессор, Беркимбаев Камалбек Мейрбекович:

Иә. Құрметті ізденуші, жақсы баяндама жасадыңыз. Бүгінгі күннің мәселелеріне байланысты сұрақтар туындап отыр. Бірінші сұрақ. Бүгінгі мектептегі информатика пәнінің мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды атап өтсеңіз? Өйткені, мектеп деген қазір үлкен жүйеге келіп отыр. Жайлы мектеп, инновациялық мектеп, зияткерлік мектеп, дарынды мектеп, білім инновациялық лицейлері және т.б. Солардың барлығында информатикадан эксперимент жүргізгенсіз, талаптары қандай жалпы мектептермен

салыстырғанда. Біздің мемлекетіміздің басшысы Қасымжомарт Тоқаев негізінде мектептердің барлығы теңесу керек, жайлы мектептер соғылу керек, бөлінбеу керек деп жатыр ғой, осы жайында қазіргі информатикада негізгі қойылатын талаптар қандай? Екіншісі, CLIL және аралас оқыту технологиялары неліктен бүгінгі таңда дәл осы сіз зерттеген кезеңдерде ол өзекті болды? CLIL технологиясы негізінде жоғары мектеп педагогикасында жақсы зерттелінеді. Физикада, химияда, биологияда. Мұны көріп те жүрміз. Бірақ мектепте CLIL технологиясын енгізу қаншалықты тиімді? Осы жеріне тоқталып өтсеңіз. Ол өзекті ма, өзекті емес па? Үшінші мәселе, мынау зерттеу мәселелерін жалпы білім беретін мектептерде тарату мүмкін ба? Ертен мына сіздің жұмысыңыз қорғалып біткеннен кейін, жалпы мектептерге, осы Шымкент қаласында білім беру басқармасына, Түркістан облысына осы сіздің зерттеу нәтижелеріңізді ендіруге болады ма? Соңғы төртінші мәселе. Енді мына информатиканың математика, физикаға қарағанда ерекшелігі бар ғой. Ол ерекшелік – қорғалған кезде білім беру ортасы жасалыну керек. Өйткені, оқытушы, зерттеуші сол информатиканың қазіргі мына заман талаптарын, технологияларды, трендтік технологияларды толық меңгеріп жатса өте жақсы болар еді. Біз білім беру ортасын жасадық деп баяндамаңызда айтып кеттіңіз, сол туралы кішкене ашып берсеңіз. Міне осындай төрт сұрағым бар. Рақмет сізге.

Жауап: Құрметті, Камалбек Мейрбекович! Берген сұрақтарыңызға рақмет. Бірінші сұрақ бойынша, қазіргі таңда информатика мазмұнына қойылатын талаптар. Енді әрине, жаңа өзіңіз айтып өткендей, қазіргі таңда арнайы мектептер көп. Мысалы, жайлы мектептер, Назарбаев Зияткерлік мектебі бар, инновациялық мектептер. Ерекшелігі – бұл мектептер материалдық-техникалық базамен жақсы қамтамасыз етіліп отыр, соған сәйкес біздер де, яғни ұстаздар да сапалы білім беруіміз қажет. Жалпы информатика пәні технология, интернет дамығалы бері күннен күнге дамып келеді. Соған сәйкес жаңа трендтер қазір пайда болып жатыр, соңғы кезде мына жасанды интеллектке байланысты аз уақыттың ішінде біз қандай көптеген мүмкіндіктерге ие болып отырмыз. Қазір робототехника бойынша республикалық, халықаралық олимпиадалар болып жатыр. Біз сол олимпиадаларда орын алатындай білім мен білік бере алуымыз қажет. Сонымен қатар, қазіргі таңда киберқауіпсіздік, бұл да өте маңызды. Өйткені, «мошенниктер» де көбейіп кетті. Балаларда сол киберқауіпсіздік кішкентайынан бастап дамуы қажет. Міндетті түрде бағдарламалау тілдері. Олар да бізде жылдан жылға жаңалары қосылып, мектеп бағдарламасы соған сәйкес өзгеріп отыр.

Екінші сұрақ бойынша, біз жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде өтуде, өткеннен бастап жалпы, баланың пәнді ағылшын тілінде түсінуі өте маңызды болып тұр. Өйткені, мысалға біраз жыл бұрын біздің негізгі оқу ресурстарымыз тек қана қазақ және орыс тілдерінде болды, бірақ Интернет, жаңа технологиялар, кейінгі технологиялардың барлығы дамығаннан кейін бізге ағылшын тіліндегі ресурстар да қолжетімді болды. Біз сол кезде түсіндік, ағылшын тілінде ресурстар өте-өте көп. Негізгі ақпараттың барлығы

ағылшын тілінде екенін өз басым түсіндім. Яғни, ағылшын тілін оқуда балалар жалпы грамматика, жалпы қолданыстағы сөздерді үйренеді. Бірақ информатиканы біз ағылшын тілінде оқытатын болсақ, информатикаға қатысты білім алушылардың тілдік қорын керемет дамытатын боламыз. Сондықтан бұл маңызды деп ойлаймын. Ал аралас оқыту бұл кезде не үшін маңызды? Қазіргі таңда ақпарат өте көп. Біздің қолданатын жаңа айтып кеткен ресурстарымыз көп, соған сәйкес ақпарат та өте көп. Бірақ сол ақпаратты аз уақыттың ішінде, қырық минуттық сабақта игеру өте қиын, қазіргі ұстаздарға бұл өте қиын. Сонда платформаларды алдын ала беретін болсақ, онда білім алушылар сол тақырыпты қайталап, қайта-қайта оқуына мүмкіндігі болады. Сондықтан да бұл өзекті деп ойлаймын.

Одан кейін білім беру мекемелеріне тарату мүмкін деп ойлаймын. Негізінен ойда бар. «Сообщество» сияқты құру. Бұл, жалпы осы практика шетелде Клейтон Кристенсон деген университеттен көрдім, Долгованың «Смешанное обучение» деген орталығы бар. Ресей мемлекетінде, Мәскеуде. Сондай сияқты орталық құрсақ, платформамызды соған қарай үлкейтсек, сонда сол жерде біздің ресурстар барлығына қолжетімді болады, ары қарай дамытатын боламыз деп ойлаймын.

П.ғ.д., профессор, Беркимбаев Камалбек Мейрбекович:

Жаңа сіз білім беру ортасын дайындадық, оны зерттеу жұмыстарымызда қолдандық деп айттыңыз ғой. Дайындаған білім беру ортаңызды, «образовательная среда» көрсетіп берсеңіз. Жалпы баяндамаңызда айтып кетсеңіз, кішкене ашып көрсетсеңіз. Өйткені, информатиканың бір ерекшелігі сол ғой.

Диссертант платформасын көрсетті.

Жауап: Осындай таныстырылым. Тіркелу керек. Бұл жерде, осындай ақпарат беріледі және білім алушы тіркелу қажет. Сол жерде видеоматериал бар, мысалы, презентациямен. Презентация ағылшын және қазақ тілдерінде беріледі, видео да ағылшынша. Сосын ресурстар беріледі екі тілде оқимын десе. Тақырыпқа байланысты тапсырмалар беріледі. Мысалы, matching тапсырмасы, бос орын толтыру деген сияқты, практикалық тапсырмалар. Соңында сертификат беру бар сәтті аяқтаған балаларға.

П.ғ.д., профессор, Беркимбаев Камалбек Мейрбекович:

Мектеп оқушылары үшін, информатика мұғалімдері үшін ғой. Бұл ортаңыз тегін ба? Бұл сертификатқа ақша сұрайсыз ба? Бұл грант аясында істелгеннен кейін ол тегін таратылу керек.

Жауап: Бұл жалпы тегін. Ешқандай төлем жоқ. Жалпы ең маңыздысы берілген «талаптарға» сәйкес тапсырмаларды орындаса, сонда ғана сертификат беріледі.

Енді менде ортада кішкене үзіліс болып қалды, жалпы өтілген кезі өшіп қалды, қайтып «қалпына келу» болды. Ортада менде үзіліс болды.

П.ғ.д., профессор, Беркимбаев Камалбек Мейрбекович:

Қанша адам тіркелген енді? Он адам ба? Жүз адам ба? Қанша?

Жауап: Жалпы біз эксперимент жүргізген балаларға ғана. Бұл жерде қазір нәтижесін айттым ғой жаңа, «қалпына келу» болғаннан кейін ол

мәлімет өшіп қалды. Өйткені, эксперимент кезінде болды.

П.ғ.д., профессор, Беркимбаев Камалбек Мейрбекович:

Тікелей эксперимент мәселелерін көрсеттіңіз ғой. Бұл жерде яғни қағаз жүзінде бар ғой?

Жауап: Бар, иә. Қағаз түрінде бар. Динамикасы, өсу динамикасы сол жерде бар. Презентацияда бар. Жалпы міне бізде 112 білім алушы қатысқан екі мектептен.

П.ғ.д., профессор, Беркимбаев Камалбек Мейрбекович:

Жақсы. Енді сұрақ сұрақты туғызады. Мен енді тағы сұрақ қоямын. Бесінші сұрақ туындап тұр. Енді өте керемет, жақсы жұмыстар жасалған. Біздің Қазақстандағы өзі мектеппен жұмыс жүргізу өте күрделі. Университет пен мектепті салыстырған кезде, негізінен мен университет, жоғары мектеп мәселесімен айналысамын ғылым докторы болған соң. Мектеп енді күрделі. Өйткені, мектепте баламен жұмыс, сабақ беру жүйелері бар. Бірақ біздің Қазақстанның бір керемет жері – мектептердегі бағдарламалардың барлығын бақылап қарап отыратын Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бар. Білім академиясының мектептерге арналатын арнайы платформасы бар, бағдарламалары бар. Сол жермен байланыс бар ма? Егер осы жерден ары қарай республикаға тартатын болсақ, Ыбырай Алтынсарин мен Өзбекәлі Жәнібеков атындағы университет арасында тығыз ғылыми байланыс жасап, бұны Қазақстанға, дүниежүзілік деңгейге шығаруға болады. Бұрын бізде РЦИТ болған, «Республиканский центр информационных технологий», сол жерде алдында Балапановтың кезінде, бірге жұмыс жасағанбыз. Бүкіл Қазақстанның мықты жүйесі болды. Сол сияқты қазір Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы ауқымды жұмыстар жасап отыр. Қай пән болса да, ол жерде бар. Онымен байланыс бар ма? Байланыс жоқ болса, келешекте жоспарларыңызда бар ма? Өйткені, мектеп ол бізге керек. Өйткені, фундамент мықты болмай, жоғары оқу орны жақсы маман дайындай алмаймыз. Осы туралы ойыңызды айтсаңыз.

Жауап: Сұрағыңызға рақмет. Әрине, мұны жалғастыру қажет. Мысалға, авторлық бағдарлама құруға болады. Соны таратуға болады. Жалпы барлығына тиесілі, барлығына қол жетімді платформа жасасақ болады. Өйткені, әсіресе ауыл мектептеріндегі мұғалімдерде бұл жағдай өте төмен болып тұр. Солар үшін бұл өте өзекті деймін.

П.ғ.д., профессор, Беркимбаев Камалбек Мейрбекович:

Бұған дейін байланыс болды ма? Әлде жоспарда бар ма?

Жауап: Жоспарымызда бар. Бұған дейін Ұлттық білім академиясымен байланыс болған жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Үлкен рақмет сұрақтарыңызға! Енді менде де екі сұрағым бар еді. Қазір туындады сіздің баяндамаңызға байланысты. Бірақ, бір ұсыныс, осы жерде Тажигулова Альмира Избасаровна отыр, ғылыми ақпараттық орталықтың басшысы, сондықтан да әрі қарай жұмыс жасасаңыздар болады. Менде екі сұрағым бар, Майра Ерсұлтановна. Біріншісі – жобалық және проблемалық

оқыту әдістері жұмысыңызда қандай рөл атқарды? Соны айтып кетсеңіз. Екіншісі, оқушылардың бойындағы қазір біз барлығымыз айтып жатырмыз ғой, жиырма бірінші ғасыр дағдыларын қалыптастыру деп, соған бұл технологиялар қаншалықты тиімді? Осыны қарастырдыңыз ба?

Жауап: Альмира Байдабековна, берген сұрағыңызға рақмет. Бірінші сұрақ бойынша жауап беретін болсам, негізі жалпы информатика пәнінде жоба – бұл, кез келген тақырыпта жасасақ болады, әсіресе бағдарламалауды өткен кезде. Бір тақырыпты балаларға ұсынып, сол тақырып аясында топ болып, бірге жұмыс жасап, нәтижесімен бөліседі. Мысалға, оны бөлісетін арнайы конференциялар бар немесе жарыстар болады. Сол жерде біздің сабақты да сөйтіп оқып, ары қарай соны ұсынған балалар болды. Сонымен қатар, проблемалық оқыту бойынша сабақтың өзінде өмірден бір проблемалық сұрақ беріп, балалар, ол жерде де жұпта жұмыс жасаса болады, топта жұмыс жасаса болады. Сол проблемалық сұрақ аясында жұмыс жасап, оның нәтижесімен бөліседі. Әрине, бұл жерде балаларда тілдік дағдылар міндетті түрде дамиды. Өйткені, бұл ағылшын тілінде жүретін сабақ, білім алушыларда міндетті түрде академиялық және тіл бойынша да дағдылары дамиды болады.

Екінші, енді екі технологияны қарастыратын болсақ, аралас оқыту технологиясы сауаттылықты дамытады міндетті түрде балада. Яғни, мұның көрінісі, пандемия кезінде, осы аралас оқыту технологиясы болды, онлайн және офлайн форматта. Балаларда, әрине бастапқыда үлкен қиындықтар туды, мұғалімде де, білім алушыда да, үйдегі ата-анада да. Бірақ осы аралас оқыту технологиясынан кейін балаларда көптеген дағдылар дамыды. Құралдармен жұмыс жасау, түрлі платформаларды игере алу, осының барлығы мен ойлаймын сол осы аралас оқыту технологиясын қолданудың тиімділігінің көрінісі. Ал CLIL технологиясының бірден-бір дамытатын дағдысы, бұл – тілдік дағдылар. Білім алушыларда міндетті түрде тілдік дағды дамиды. Тек қана ағылшын тілі пәні бойынша ғана емес, информатикаға қатысты терминологиямен ол толықтырылады. Міндетті түрде оның келешекте тіл бойынша тапсыратын емтихандарында көрініс табады. Рақмет.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Сіз айтып жатырсыз ғой шалғай аудандағыларды, осы сіздің технологияны пайдаланып, сіздің бүкіл жұмысыңызды ары қарай қолданады деп ойлаймын. Жақсы, рақмет! Осымен 15-16-дай сұрақ берілді. Қалай ойлайсыздар, жеткілікті ма сұрақтар? Онда жеткілікті болса, ары қарай жалғастырайық.

Кешіріңіздер, шетелдік кеңес мүшесі отыр.

- Mehmet Bey! Merhaba! Сұрағыңыз болса.

- Merhaba! Nasılsınız?

- Merhaba! İyiyim. Siz nasılsınız?

- Ben de iyiyim. Teşekkür ederim. Sorum sorabilir miyim?

- Evet, sorabilirsiniz.

Аудармашы ретінде Барикүлов Руслан:

Бірінші сұрақ. Мехмет ұстаздың бірінші сұрағы ол CLIL мен аралас әдісін қолданудың педагогикалық себептері, педагогикалық негізі қандай? - дейді. Неліктен осы екі әдісті біріктірдіңіз? - дейді.

Жауап: Teşekkür ederim, Mehmet Bey! CLIL және аралас оқыту технологияларын неліктен біріктірдік, яғни бұған дейін біз зерттеген жұмыстарда аралас оқыту және CLIL технологиялары зерттелген. Бірақ, екеуінің интеграцияланған моделін ұсынып отырмыз. Қазіргі таңда жалпы пәнді ағылшын тілінде оқытуда CLIL технологиясы қолданылады және сол жерде туындайтын қиындықтар бар. Бағана баяндамада айтқанмын, сол қиындықтарды шешу үшін біз осы аралас оқыту технологиясын қолдандық. Яғни, нақты айтқан кезде тіл бойынша кедергілері бар білім алушылар аралас оқыту технологиясы арқылы кез-келген уақытта оқу материалдарын оқуға мүмкіндігі бар, қажетті қолдауды алуға мүмкіндігі бар.

Барикүлов Руслан жауапты аударып берді.

Барикүлов Руслан:

Екінші сұрақ. Осы зерттеу нәтижелерін таратудың немесе кең ауқымда елімізде қолданудың қандай стратегияларын ұсынасыз? - дейді.

Жауап: Teşekkür ederim, Mehmet Bey! Зерттеу нәтижелерін тарату бойынша, мысалға, ғылыми-әдістемелік семинарларға қатысуға болады. Бағана айттым ғой, «сообщество» құруға болады мұғалімдермен. Сөйтіп, соны таратамыз. Мектепте, сол «сообщество» мектеп мұғалімдерінен тұратын болады, пән бойынша. Ол жерде біз бір-бірімізге үлкен қолдау көрсетеміз. Материалдық база беріледі. Ол онлайн түрде барлығына қол жетімді болады. Ол жерде ресурстар толықтырылып отырылады. Шектеліп қалмай және жаңартылып отырылады. Сол арқылы біз осындай нәтижемізбен, елімізде бөлісе аламыз. Ал жалпы халықаралық деңгейде міндетті түрде ол конференцияларға қатысу деп ойлаймын.

Барикүлов Руслан жауапты аударып берді.

Барикүлов Руслан:

Ұстаздың сұрағысы келген нәрсесі, жалпы зерттеу нәтижелерін қалай бөліседі дейді. Зерттеу нәтижелерін, мысалға, министрлік бар, басқа әр түрлі басқармалар бар. Оларға қандай ұсыныстар арқылы бөлісуді жоспарлап отырсыз?

Жауап: Ұлттық білім академиясымен байланыс жасаймыз деп жоспарлап отырмыз. Жаңа ұсыныс ретінде айтылды, біз де соны қолдап отырмыз. Солай бөліссек болады, ары қарай дамытып.

Барикүлов Руслан жауапты аударып берді.

Аудармашы Барикүлов Руслан:

Рақмет жауабыңызға!

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Мехмет бей, сұрақтарыңызға толық жауап алдыңыз ба?

Философия докторы (PhD), профессор Мехмет Акиф Сөзер:

Жауаптарымды алдым.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Үлкен рақмет онда сізге! Онда біз ары қарай жалғастырайық. Сұрақтар қоюшылар болмаса, ары қарай бізде отандық кеңесшінің пікірін білгіміз келіп тұр. Педагогика ғылымдарының докторы, доцент Кадирбаева Роза Изтлеуовнаға берілсе сөз кезегі.

Отандық ғылыми кеңесші, п.ғ.д., доцент Кадирбаева Роза Изтлеуовна:

Қайырлы күн, құрметті диссертациялық кеңестің төрағасы және диссертациялық кеңестің мүшелері! Қазір ғана алдарыңызда біздің докторантымыз Бедебаева Майра Ерсұлтановна өзінің зерттеу жұмысы бойынша баяндамасын жасады. Енді осы зерттеу жұмысына мен кеңесші ретінде жазба пікірімді бердім. Оны оқып жатпай-ақ, қысқа тоқталсам деп ойлаймын. Өйткені қазір өте «бурный» талқылау болды, сұрақтар өте көп қойылды, жан-жақты талқыланды. Баяндамада жұмыстың өзектілігі айтылды. Мен пікірімді оқымай, қысқаша өзім жеткізсем деп тұрмын. Өздеріңізге белгілі, бұл жұмыс 2019 жылы басталған болатын, дәл пандемияның уақытында. Докторант докторантураға түскен кезде, олармен біз сұқбат жасап, алдағы зерттеу жұмысының бағытын, тақырыбын анықтаймыз. Сол мезетте Майра Ерсұлтанқызы өзі Назарбаев мектебінде информатиканы ағылшын тілінде оқытып, CLIL технологиясы бойынша курсқа барып жүргенін айтты. Сонымен бірге, аралас оқытудың, онлайн форматтың не екенін жұрттың барлығы, шалғай жатқан ауылдың барлығы сезінген кез болатын. Сондықтан да осы екі технологияны кіріктіре отырып, информатиканы оқытуды, соны жетілдіруді, әдістемесінің қажеттілігін өзіміз түсініп отырғандықтан, сол мәселені зерттейік деген мақсатпен тақырыпты анықтаған болатынбыз. Яғни өздеріңіз тыңдадыңыздар, 20 жылдан астам мектепте және жоғары оқу орындарында жұмыс істеген тәжірибесі бар тәжірибелі мұғалім ретінде алдына қойылған міндеттерін толық атқарып шықты. Андатпада да бар, баяндамада да айтылды, жұмыстың мақсаты, өзектілігі және оның алдына қойылған міндеттері барлығы толықтай орындалды.

Өздеріңізге белгілі, пандемиядан кейін өте көп мақалалар жарық көрді аралас оқыту технологиясына байланысты және де көпшіліктің көзі жетті оқыту бұдан кейін бұрынғы күйге қайтып қайтпайтынына. Енді бізге жаңаша оқыту керек деген үлкен проблемалар қойылды алдымызға. Жаңаша оқытудың мысалы ретінде Арыс ауданынан бір түлегіміз әлемнің 140 мемлекетіне шатаспаса шақырту алды. Сол мысалы үшін, мен айтар едім ол баланың өз бетінше дайындалуының, бүкіл мәліметті онлайн түрде алуының әсері деп және өзінің деректерін, мәліметтерін онлайн түрде беруінен туындаған үлкен жетістік.

Аралас оқытудың үш компоненті бар. Бірінші компоненті ол – дәстүрлі компоненттен шет қалмаймыз. Екінші компоненті – онлайн оқыту. Үшінші компоненті – білім алушыларды өз бетінше оқытуға үйрету. Осы үш компонентті қатар алып жүрген кезде ғана аралас оқыту өз деңгейінде жүзеге

асады. Сондықтан да біз, жалпы оқытудың түпкі мақсаты да осыған алып келеді, осы уақытқа дейін біз қаншалықты әдістеме жасайық, бәрінде де балаларды өз бетінше оқытуға үйрету, соған алып келу, сол дағдыларды қалыптастыру негізгі мақсатымыз. Соған бірден-бір әсер ететін осы технологияны информатиканы оқытуда қолдануды алдымызға мақсат етіп қойдық және оны жай ғана емес, CLIL-мен біріктіріп. Себебі информатикада барлық уақытта берілетін терминологияның көпшілігі ағылшын тілінде. Оны қазақ тілінде де оқытқан кезде де ағылшын тіліндегі терминологияны сақтаймыз. Программалаудың элементтерін, операторларын жазған кезде ағылшын тіліндегі операторлардың атаулары оқытылады. Сондықтан осы информатика тілі ағылшын тілін үйренуге жақын тіл деп санауға болады. Сол үшін CLIL технологиясының мүмкіндіктерін пайдалана отырып және аралас оқыту технологиясының мүмкіндіктерімен оны кіріктіре отырып, информатиканы оқытудың жаңа бір әдіс-тәсілін қарастырсақ деген мақсатымызға жеттік деп ойлаймын. Бұл үлкен күрделі тақырып және оның ауқымы да үлкен. Сондықтан да бір диссертацияның көлемінде біз оны түгелдей барлығын жеткізе білдік, барлығын зерттей білдік деп айта алмаймыз. Алдымызға үлкен міндеттер қойып отырмыз. Жұмыс ары қарай жалғасады. Себебі, жаңа айтылып кетті, 2023-2025 жас ғалым гранттық ғылыми жобаға қатысып, постдокторант атанып отыр. Биыл сол жұмыстың жалғасы аяқталады. Яғни ізденуші өзінің ғылыми ізденіс жұмыстарынан еш уақытта шет қалмайтынын, барлық уақытта ізденімпаздығын жалғастыратынын көрсетіп отыр. Сондықтан да диссертациялық жұмыстың қорытындысында көрсеткенбіз. Алдағы уақытта қандай жұмыстарды қандай бағыттарда осы жұмыс бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге болатынын. Сол мақсатта Майра Ерсұлтанқызы өзінің ғылыми жұмыстарын жалғастырады деген сенім бар.

Қорытындылай келе, Бедебаева Майра Ерсултановнаның қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмысы толығымен аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады, ғылыми-практикалық қолдану маңызы жоғары және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережесі» талаптарына сәйкес келеді. Осының негізінде докторант Бедебаева Майра Ерсултановнаны 8D01503 - Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға жіберуге болады деп санаймын және оның жұмысын қолдауға шақырамын.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Рақмет, Роза Изтлеуовна! Келесі сөзді ізденушінің шетелдік ғылыми кеңесшісі, Ресей білім академиясының академигі, п.ғ.д., Мәскеу қалалық педагогикалық университеті білім беруді ақпараттандыру департаментінің профессоры Гриншкун Вадим Валерьевичке беріледі. Шетелдік ғылыми кеңесшінің нотариуспен бекітілген пікірдің аудармасы бар және ол сайтта қойылған.

- Вадим Валерьевич, слово вам.

Шетелдік ғылыми кеңесші РБА мүшесі, п.ғ.д., профессор В.В. Гриншкун:

Уважаемые коллеги, я прежде всего хочу поблагодарить ваш диссертационный совет за то, что сегодня есть возможность впервые поучаствовать в вашей работе и за то, что было сделано с Майрой и с Розой Изтлеувной по этой работе. Эта многолетняя работа, удалось представить и довести до защиты. Спасибо вам большое, сразу же хочу это сказать. Что касается работы, то мне бы хотелось отметить, я думаю, что сегодня это уже обсуждалось, то, что информатика — это особая дисциплина. Дело в том, что изучаемые в информатике технологии, их бессмысленно изучать, ничего на них не делая. Например, изучать текстовые процессоры, ничего на нем не делать. Изучать электронную таблицу и не решать на ней конкретные математические задачи. Вполне приемлемо в этом случае, если в других дисциплинах будут применяться эти технологии. Например, при обучении английскому языку будут параллельно изучаться текстовые процессоры, в нем будут происходить соответствующие действия. И в то же время только один вид дисциплин, других дисциплин, обладает таким же свойством — это языки. Странно изучать русский, английский или казахский языки и ничего не делать на этих языках. Точно так же они могут быть принесены, например, на изучение информатики, что и сделано в этой работе. Мне кажется, вот эта естественная интеграция дисциплин между собой, информатики и языков, она должна находить соответствующее подтверждение, применение. Тем более, что в Казахстане официально принято трехязычие и в системе образования изучается и английский, и русский, и казахский языки. И здесь такая интеграция просто необходима.

И еще один аспект, о котором мы когда-то говорили, то что информатика и особенно раздел алгоритмизации программирования, о котором сегодня шла речь, он особый, потому что большинство программ на большинстве языков программирования это текст на английском языке. И если школьники плохо знают английский язык и не интегрируют изучение английского языка с информатикой, то и программы будут им писать тяжело, они просто понимать не будут в полном смысле этого слова. Мне кажется, вот это все очень актуально и значимо для того, чтобы такую работу провести. Мы когда-то давно, уже несколько лет назад с Розой Изтлеувной на эту тему рассуждали и хотели поручить кому-то из докторантов это сделать, и вот Майра как раз в этом смысле подходила идеально, поскольку она и английский язык хорошо знает в силу своей профессии и информатику, и кому как не ей нужно было бы это сделать. Одна проблема, то что школьники английский язык знают по-разному, и даже на английском языке их делят на две как минимум группы начинающие, продолжающие. Нужно было придумать какую-то технологию, как выровнять разных школьников, которые по-разному знают язык, для того чтобы это не мешало изучать информатику. Для этого были использованы и смешанные технологии, CLIL-технологии, которые вы сегодня подробно обсуждали. Это просто

необходимо для того, чтобы такая интеграция стала реальностью, что и было реализовано в работе. Хочу отметить работу Майры, как очень комплексную работу, поскольку ей, и сегодня это демонстрировалось, сделано все необходимое для того, чтобы эти технологии применить для этой интеграции. В частности, модель была показана, электронные ресурсы, собственная платформа для того, чтобы такое обучение сделать. Мне кажется, что все необходимо. Есть очень много публикаций, авторское свидетельство, по-моему, оно на столе лежит как раз сейчас в диссертационном совете. Все необходимое сделано, много лет это все опробировалось. Мне кажется, работа вполне достойна. Во всяком случае, я аналогов у нас в стране, в России, не видел. Вот такой работы, чтобы такая интеграция проходила. Мне кажется, что Майра внесла очень серьезный вклад в развитие межпредметной интеграции, о которой сейчас много говорят, английского языка и информатики, а может быть и других предметов. Надо посмотреть, подумать. Коллеги, спасибо большое за эту возможность. Я полностью поддерживаю эту работу и прошу вас тоже по возможности ее поддержать.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

- Вадим Валерьевич, огромное спасибо вам за содержательный отзыв.

Ендігі сөз кезегі ресми рецензенттерге берілсе деп отырмын. Бірінші рецензентке берілсе сөз. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «Білім беруді цифрландыруды дамыту» орталығының бас ғылыми қызметкері - Мукашева Манаргуль Умирзаковнаға берілсін.

П.ғ.к., профессор Мукашева Манаргуль Умирзаковна:

Қайырлы күн, құрметті кеңес төрағасы, кеңес мүшелері және қатысып отырған әріптестер! Бүгінгі қорғалып жатқан жұмысқа рецензия жасауды сеніп тапсырғандарыңызға, сенім білдіргендеріңізге алғыс білдіремін. Рецензияның толық нұсқасы сайтта ілулі тұр. Барлық адамдар таныса алады. Сондықтан негізгі-негізгілерін оқуға рұқсат беріңіздер.

Рецензент пікірін оқып, ескертулер мен ұсыныстарды атап көрсетті.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Манаргуль Умирзаковна, үлкен рақмет пікір білдіргеніңіз үшін! Енді берілген ескертулерге жауап беру үшін диссертантқа сөз берілсін.

Ізденуші М.Е.Бедебаева: Манаргуль Умирзаковна, менің зерттеу жұмысымды оқып, жан-жақты талдау жасап, құнды пікір бергеніңізге үлкен рақмет айтамын. Ескертпелеріңізбен таныстым. Бірінші ескертумен толықтай келісемін. Екінші ескертпе бойынша, бақылау топтарының саны сол сыныптарда сабақ жүргізетін мұғалімдердің тілдік ерекшеліктеріне байланысты солай таңдап алынды. Бірінші бақылау тобында, «носитель языка» дейміз, яғни шетелдік мұғалім жүргізді. Екінші топта сол кәдімгі өзіміздің мұғалімдер жүргізді. Сондықтан да екі осы топтың арасында алшақтық болып қалады ма деп соны бақылау мақсатында осылай таңдап

алынды. Сонымен қатар, жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелерінің мәліметтері қосымшада келтірілген, бірақ негізгі диссертациялық жұмыста соларға сілтеме жасалмай қалыпты. Енді сол жағынан ескеретін боламыз. Үлкен рақмет!

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна: Рақмет, келесі кезек екінші рецензентке - педагогика ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры Кажиақпарова Жадыра Сериковнаға беріледі.

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кажиақпарова Жадыра Сериковна:

Қайырлы күн, кеңес төрағасы, кеңес мүшелері!

Рецензент пікірін оқып, ескертулер мен ұсыныстарды атап өтті.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Үлкен рақмет, Жадыра Сериковна! Ескертулеріңізге де. Енді сөзді ізденушіге берсек.

Ізденуші М.Е. Бедебаева:

Құрметті, Жадыра Сериковна! Ғылыми жұмысымды оқып, сын-пікір мен ұсыныстар бергеніңізге көп рақмет айтамын. Сіздің берген ескертулеріңізбен толықтай келісемін, таныстым. Осы жерде бірінші ескертуге кішкене қосып кеткім келеді. Біз зерттеу жұмысымызда аралас оқыту моделінің тек қана екі моделін қолдану себебіміз, жалпы орта мектептер үшін сол екеуі қолайлы деп шешкен болатынбыз. Сондықтан осылай жасадық. Рақмет!

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Рақмет! Енді барлығын естідік. Талқылауды бастасақ деймін. Кім сөз алғысы келеді?

П.ғ.д., профессор Тажигулова Альмира Избасаровна:

Бүгін енді міне зерттеу жұмысымен таныстық. Майра Ерсұлтановнаның зерттеу жұмысы зерттелген, проблема бойынша алынған әрбір ғылыми нәтиже, қорытынды және тұжырым маңызды деп ойлаймын. Өзекті және құнды болып табылады. Әзірленген материалдар мен құралдарды жаңа көрдік. Жалпы білім беру мекемелеріне, сонымен қатар мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жүйесінде қолдануға ұсынылады. Бедебаева Майра Ерсұлтанқызын PhD ғылыми дәрежесіне толық лайық деп санаймын.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Альмира Избасаровна, үлкен рақмет! Құрметті кеңес мүшелері, тағы да пікір білдіремін дегендеріңіз болса.

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Исабаева Даража Нагашыбаевна:

Құрметті диссертациялық кеңестің төрайымы және диссертациялық кеңес мүшелері! Бүгінгі Майра Ерсұлтанқызының тақырыбы қазіргі таңда

өте өзекті. Жаңа Ресейлік әріптестеріміз де айтып жатыр. Ресейде де бұндай екі технология тоғысқан жұмыс дүниеге келмеді деп. Шынымен де, бұл жерде CLIL технологиясының өзінің қиындығы бар және аралас оқыту технологиясының өзінің қиындығы бар. Осы екі технологияны интеграциялап, оның ішінде информатикадағы жоғары сынып процедуралар мен функциялар тақырыбын алу, бұл да ғылымға қосылған үлкен үлес деп ойлаймын. Өйткені, бұл тақырыптың мысалы, біз оқулық жазғанда да қиындықтары бар, Python-да. Python-ның тілі ағылшын тілінде. Жазған кезде ағылшынның артық терминін жазып қойсаң, әр түрлі ескертпелер келеді, ұсыныстар келеді. CLIL-ді қолдану болашақта өзекті болады деп ойлаймын. Сондықтан әдістемелік жұмысты жазуға, болашақта авторлық кеңестің құрамына кіруге ұсыныс білдіргім келеді. Осындай жақсы жұмыстарды, шаблондарды міндетті түрде біз әдістемеге енгізуіміз керек сияқты. Мұндай жұмыстар осы диссертациялық кеңестің аясында қалып қоймауы керек. Өз нәтижесін табуы керек. Одан басқа бұл жерде жаңағы 4C – Content, Communication, Cognition, Culture барлығы бірігіп тұрып оқыту нәтижелі болады деп ойлаймын. Сондықтан жұмысты жоғары бағалап, қолдауларыңызды сұраймын және осы тақырыпты таңдаған осы кафедраға, осы университетке және жетекшісі Роза Ізтлеуқызына да ерекше алғыс білдіргім келіп тұр. Жалпы оқулықты жазған уақытта біз қай тақырыптар өзі өзекті болып тұрады деп ойланамыз, оны шығару өте қиын. Сондықтан осындай күрделі тақырыпты алғаны үшін де алғысым шексіз. Рақмет!

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Үлкен рақмет, Даража Нагашыбаевна! Тағы да пікір білдіремін деушілер.

П.ғ.д., профессор, Беркимбаев Камалбек Мейрбекович:

Негізінде сұрақ қойған адам пікірін айту керек. Қанағаттанған дейтіннің өзінде де. Өйткені, сұрақ қойған адам оның жауабын біледі. Сол жауапты дұрыс айтты ма, дұрыс айтпады ма деген сияқты. Менің айтайын дегенім, бүгінгі біздің қарастырып отырған Бедебаева Майра Ерсұлтанқызының «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» деген тақырып. Бұл ағылшын тілінде жаратылыстану бағытындағы пәндерді білім инновациялық лицейлерінде, Назарбаев мектептерінің кейбір топтарында, дарын мектептерінің кейбір бөлімдерінде таңдайды білім алушылар. Білімдерін осы тілде алады. Өйткені, оның бір ерекшелігі, егер осылай өзінің білімін жетілдіретін болса, Назарбаев университетіне IELTS тапсырғанда өз жәрдемін береді. Сондықтан да бұл көкейкесті. Бізге дейінгі үлкен ғұламалар айтқан, кім қанша тіл білетін болса, сонша елдің мәдениетін біледі дейді. Жаңа мен сұрақ қойғанда да айттым, мектеп проблемасы өте күрделі проблема. Енді жетекшісі Роза Ізтлеуқызының батылдығының арқасында осы күрделі проблеманы алып, оны шешу тетіктерін де қарастырған. Өздерінің қойған алдарындағы міндеттерін орындаған. Міндеттері бойынша жаңа баяндамада айтты. Ғылыми болжамы дәлелденген. Енді ол жұмыста тоқтап қалмау керек. Ары

қарай жалғастыру керек. Екінші, кез-келген жұмыста көрсететініміз, оның нәтижесі. Енді одан кейін постдокторантура оқыдыңыз, жас ғалымдар грантын жеңіп алғансыз. Оның кемінде үш жыл, бес жыл нәтижесі тұру керек. Өйткені, ол мемлекеттің қаржысына жүргізілген зерттеу жұмыстары, сондықтан ол мәселе қалпына келтірілуі керек. Енді ары қарай мен бұл жұмысты қолдаймын. Ұсынысым, Ыбырай Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясымен байланыс жүргізуіміз керек. Өйткені кез келген ғылым, оның ғылыми жаңалығы болуы керек, ол біздің Қазақстандағы үлкен алып күш. Қазақстандағы ағарту ісін ары қарай көтеру керек. Оның негізін қайдан алады? Білім беру академиясынан. Білім беру академиясын халықаралық деңгейге жеткізу үшін ағылшын тілін жақсы білетін жас PhD маманды Президент етіп қойды. Ары қарай енді үлкен жұмыстар жасап жатыр. Сондықтан да ғылыммен айналысқан адам, бұл тек жоғары мектеп педагогикасы немесе мектептің проблемасы емес, барлығын ұштастырып тоғысқан түрде проблеманы жетік меңгеруіміз керек. Ұлттық ақпараттандыру орталығы бар. Істелген жақсы жетістіктер болса, Қазақстанға таратуға, мен ойлаймын, ешкім басын алып қашпайды. Қолынан келсе, соны ары қарай дамытуға өз үлесін қосады. Сондықтан да, Майра, жұмысты ары қарай жалғастыру керек. Оқу құралдарын дайындау керек. Сосын тамыз, қаңтарда мектептердің конференциясы болады, сол конференцияларға баяндама жасауға ұсыныспен шығу керек. Біздің қызметкеріміз бар, Өскеменде физика пәнін ағылшын тілінде оқытуда CLIL технологиясын пайдалану бойынша осындай жұмыс қорғады. Осындай жұмыстарымызды кең насихаттауымыз керек. Біздің ойымызша, тек информатикада немесе биологияда бар деп емес, Қазақстанда жалпы жүргізіліп жатқан жұмыстарға жалпы шолу жасап кету керек. Келешекте қорғайтындарға. Ұлттық ақпарат орталығы бар. КазгосИНТИ бұрынғы ескі аты. Сол жерде бұрын қорғалған жұмыстардың жалпы каталогы бар. Ол каталогтарды қорғаудың алдында бір шолып өтетін болсақ, қандай жұмыс қорғалды соңғы бес ай, төрт ай, бір жылда. Сол кезде біздің жұмысымыздың өзектілігін шешу одан сайын артар еді. Мен айтып отырған ұсыныстар жұмыстың құрылымын төмендетпейді, тек жоғарылатады. Бірақ, көш жүре түзеледі дейміз. Келешекте осы мәселелерді ары қарай игеруіміз керек. Диссертациялық кеңесіміздің жұмысын сапалы, саналы түрде жүруіне өз үлесін қосады деп есептеймін. Сондықтан да мен өз басым қолдаймын. Сіздерді де қолдауға шақырамын. Жақсы баяндама болды. Өз пікірімді айттым. Рақмет сіздерге!

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Пікірлеріңізге үлкен рақмет! Енді құрметті кеңес мүшелері, Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына жасырын дауыс беру керек. Жасырын дауыс беру процедурасына көшейік. Диссертациялық кеңес туралы ережеге сәйкес, дауыс беруге ресми рецензенттер де қатыса алады. Олардың дауыстары

диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең. Ғылыми кеңесшілер дауыс бермейді. Сонымен дауыс беруге бізде қатысушылар саны 9 болып тұр. Жасырын дауыс беру үшін құрамы 3 адамнан тұратын комиссия құруымыз керек. Комиссия құрамына кімді ұсынамыз? Қазір маған ұсыныс келіп түсті есеп комиссиясына. Тажигулова Альмира Избасаровнаға, Давлетова Айнаш Халлиулиновнаға және Исабаева Даража Нагашыбаевнаға. Енді сіздер өз араларыңызда кім төраға анықтайсыздар. Осы кісілер болсын десек, құрамын бекітейік. Біздің Мехмет бей де дауыс беру керек.

- Мехмет бей! Сіз пікір айтасыз ба?

Аудармашы Бариккулов Руслан: Мен бұл диссертацияны Қазақстанның біліміне қосар үлесі бар деп ойлаймын, сондықтан жақсы деп ойлаймын, -дейді.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна: Жақсы, рақмет! Біз мына жерде комиссияның құрамын бекітіп отырмыз. Соған байланысты тағы да айтып кетейін, Тажигулова Альмира Избасаровна, Давлетова Айнаш Халлиулиновна және Исабаева Даража Нагашыбаевнаны қолдап отырмыз, ұсынып отырмыз. Соны қолдайсыз ба? Соған дауыс берсеңіз.

Аудармашы Бариккулов Руслан сұрақты аударып, Мехмет бейдің жауабын аударды: Ия, қолдаймын, -дейді.

Диссертациялық кеңестің төрағасы, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ибашова Альмира Байдабековна:

Жақсы, рақмет! Онда осы құрамды қолдадық. Енді комиссия мүшелерінен төрағаны сайласақ арамыздан. Онда жасырын дауыс беру үшін үзіліс жарияланады. Залда және зум желісінде тек кеңес мүшелерінің қалуын сұранамын.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері! Диссертациялық кеңестің жұмысын одан әрі жалғастырамыз. Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша комиссия төрағасының дауыс беру нәтижесін оқу үшін сөз есеп комиссиясы төрағасына беріледі. Сөз Тажигулова Альмира Избасаровнаға беріледі.

Есеп комиссиясының төрағасы, п.ғ.д., профессор Тажигулова Альмира Избасаровна:

Рақмет! Диссертациялық кеңес сайлаған есеп комиссиясы мәжілісінің №4а хаттамасы, 2025 жыл, 20 маусым. Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жанындағы 8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау», «8D01503 – Информатика педагогін даярлау» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің есеп комиссиясының мәжілісі. «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі»

тақырыбында Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның диссертациясын қорғау бойынша төмендегі шешімдердің бірін қабылдау үшін электронды форматта жасырын дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін келесі құрамда есеп комиссиясы сайланды:

Есеп комиссиясының төрағасы – Тажигулова А.И., есеп комиссиясының мүшелері – Давлетова А.Х., Исабаева Д.Н.

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы 4 адамнан бекітілген, сондай-ақ диссертациялық кеңестің уақытша құрамына қосымша дауыс беру құқығымен диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес 3 адам енгізілген. Жасырын дауыс беруге ресми рецензент 2 адам қатысты.

Жасырын дауыс беруге барлығы 9 адам қатысты.

Жіберілген электрондық бюллетеньдер – 9

Жіберілмеген бюллетеньдер саны – 0

Жасырын дауыс беру нәтижелері:

1. Философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін – 9

2. Диссертация пысықтауға жіберілсін – 0.

3. Диссертация қайта қорғауға жіберілсін – 0.

4. Философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тартылсын – 0.

Жарамсыз бюллетеньдер саны – 0.

Есептеу комиссиясының төрағасы Тажигулова А.И.

Нәтиже экранда тұр. Назар аударыңыздар! Рақмет!

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ибашова Альмира Байдабековна:

Альмира Избасаровна, үлкен рақмет! Есеп комиссиясының хаттамаларын бекітуіміз қажет. Дауысқа салайық. Бұл ұсынысты кім қолдайды?

Қарсы – жоқ.

Қалыс – жоқ.

Үлкен рақмет!

Бүгінгі диссертациялық кеңес мәжілісінің қорытындысы бойынша және диссертациялық кеңес атынан есеп комиссиясының хаттамасы бірауыздан бекітілді.

Бүгінгі диссертациялық кеңес мәжілісінің қорытындысы бойынша және диссертациялық кеңес атынан Бедебаева Майра Ерсұлтановнаны диссертацияңызды сәтті қорғауыңызбен құттықтаймыз!

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «8D01503 – Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) бейіні доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің алдына Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның «8D01503 – Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы ұсыныс жасайды.

Осы ұсынысты қолдайсыздар ма? Дауыс берсек. Рақмет!

Барлығы қолдады.

Енді келесі сөз ізденушіге берсек, Бедебаева Майра Ерсұлтановнаға.

Ізденуші М.Е. Бедебаева:

Құрметті диссертациялық кеңес төрағасы, диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер! Бүгін осы информатика педагогін даярлау мамандығы бойынша қорғаған диссертациялық жұмысымды тыңдағандарыңызға көп рақметімді айтамын. Берген сын-пікірлеріңізді ескеретін боламын. Ұсыныстарыңыз үшін үлкен рақметімді айтамын. Осы кезекте осы уақыт бойы бірге жұмыс жасаған өзімнің жетекшілеріме көп алғысымды айтамын. Әсіресе, Кадирбаева Роза Изтлеуовнаға. Сонымен қатар, шетелдік ғылыми жетекшіммен де бірқатар жұмыстар атқардық. Гриншкун Вадим Валерьевичке үлкен алғысымды айтамын. Рақмет!

Диссертациялық кеңестің төрағасы, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ибашова Альмира Байдабековна:

Құрметті кеңес мүшелері! Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ережелеріне сәйкес, біз қорытынды мен диссертацияның жіктелік белгілерін қабылдауымыз керек. Кеңес мүшелерінің қалуын сұраймыз, қалғандарыңыз сыртта күте тұрсаңыздар.

8D01503 – Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған **Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның** «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жанындағы «8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау» кадрларды даярлау бағытында: «8D01503 – Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңестің

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысы қазіргі кезеңдегі жаһандық өзгерістер мен білім берудің даму процестерімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген 2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсетуге негізделген жаңа білім беру бағыттарын іске асыру қарастырылған. Бұл құжатта икемді әрі дербестендірілген оқыту тәсілдерін енгізу көзделеді. Осыған орай, оқу бағдарламаларына интеграцияланған әдістерді енгізу, цифрлық

технологиялар мен интербелсенді оқыту құралдарын қолдану, сондай-ақ тілдік және мәдени мазмұндарды кіріктіру арқылы жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселелері күн тәртібіне қойылып отыр. Сондықтан қазіргі таңда білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен оқу қарқынына бейімделуге мүмкіндік беретін аралас оқыту технологиясын қолдану маңызды әрі өзекті болып саналады.

Аралас оқыту технологиясын қолдану кезінде оқу материалын алдын ала ұсынуға болады, бұл білім алушыларға тақырыпты өз қарқынымен меңгеруге және оны тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, информатика курсының мазмұны күрделене түскен сайын кейбір тақырыптарды бір ғана сабақ аясында толық игеру қиындық тудыруы мүмкін. Мұндай жағдайларда білім алушылар теориялық материалды үйде өздігінен оқып, ал сыныпта – сұрақтарды талқылап, практикалық тапсырмалар арқылы білімін бекіте алады. Мұндай тәсіл оқу процесін тиімді ұйымдастырып, білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Дегенмен, аталған тәсілдің болашағы зор болғанымен, қазіргі уақытта мектеп информатика курсын ағылшын тілінде оқыту жағдайында білім алушылардың әртүрлі тілдік деңгейін ескеруге бағытталған аралас оқыту технологиясын қолдану әдістемесі әлі жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Осыған байланысты пәнді ағылшын тілінде меңгертуде білім алушылардың тілдік ерекшеліктерін назарға ала отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру, оқу материалының мазмұнын бейімдеу және цифрлық ресурстарды орынды таңдау мәселелері ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жан-жақты негіздеуді талап етеді. Сонымен бірге, бұл мәселелер информатика пәнінің мазмұнын жаңа технологиялармен кіріктірудің өзектілігін көрсетеді. Осы бағытта арнайы оқу контентін әзірлеу, әдістемелік қолдау тетіктерін қалыптастыру, заманауи цифрлық технологияларды ендіру және жаңа білім беру ресурстарын жасау қажеттілігі туындайды. Аталған аспектілер зерттеу тақырыбының өзектілігін нақтылай түседі.

2. Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі

Зерттелген проблема бойынша алынған әрбір ғылыми нәтиже, қорытынды мен тұжырым маңызды, өзекті әрі құнды болып табылады. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен шынайылығы төмендегі дәлелдермен расталады:

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі: мектептегі информатика курсын оқытудың мазмұндық желісі мен қазіргі қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерге жан-жақты талдау жүргізіліп, информатиканы оқытудың қазіргі жай-күйі анықталуымен негізделген.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі: информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту процесінде аралас оқыту мен CLIL технологияларын қолданудың тиімділігі теориялық тұрғыдан негізделген.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі: аралас оқыту мен CLIL технологияларын қолдану жағдайында информатика пәнінің мазмұны мен тілдік құзыреттерді интеграциялау моделі жасалуымен негізделген.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі: аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатика курсының "Алгоритмдеу және бағдарламалау" бөлімін ағылшын тілінде оқыту әдістемесі әзірленуімен негізделген.

Зерттеу барысында ізденуші қол жеткізген ғылыми нәтижелердің негізділігі мен шынайылығы ғылыми мақалалардың отандық және халықаралық басылымдарда жариялануымен және «Мектепте информатика курсы оқытуда CLIL технологиясын қолдану» оқу-әдістемелік құралының жарық көруімен расталған.

3. Ғылыми нәтижелерді тәжірибеде қолдану

Зерттеу нәтижелері негізінде аралас оқыту жағдайында информатика курсы ағылшын тілінде оқытуға арналған оқу материалдары мен тапсырмалар жүйесі әзірленген. «Мектепте информатика курсы оқытуда CLIL технологиясын қолдану» атты оқу-әдістемелік құрал және оған сәйкес ақпараттық-білім беру ортасы жасалып, оқу процесіне тәжірибелік түрде енгізілген.

Әзірленген оқу ресурстары мен тапсырмалар жүйесі жалпы орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарында қолдануға ұсынылады. Бұл материалдар пәндік және тілдік құзыреттерді кіріктіре отырып оқыту тәжірибесін кеңейтуді, информатика пәнін ағылшын тілінде тиімді меңгертуді қамтамасыз етуге бағытталған.

4. Ғылыми нәтижелердің теориялық маңызы

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңызы цифрлық трансформация жағдайында мектеп информатика курсы аралас оқыту негізінде ұйымдастырудың, сондай-ақ білім алушылардың пәндік білімі мен тілдік құзыреттерін интеграциялаудың қажеттілігін ғылыми тұрғыдан негіздеумен сипатталады.

Зерттеу барысында аралас оқыту технологиясының негізгі тұжырымдамалары мен қағидаттары нақтыланып, оны іске асырудың құралдары мен әдістерінің жіктелуі ұсынылған. Мектеп информатика курсы ағылшын тілінде оқыту барысында CLIL технологиясын қолданудың ерекшеліктері айқындалып, пәндік мазмұн мен тілдік құзыреттілікті кіріктірудің әдістемелік тәсілдері көрсетілген.

Сонымен қатар, аралас оқыту жағдайында мектеп информатика курсының «Алгоритмдеу және программалау» бөлімін ағылшын тілінде оқытудың мазмұны іріктеліп, оны оқытудың әдістемесі жасалған.

5. Ғылыми нәтижелерді оқу үдерісіне енгізу

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері тәжірибелік-эксперименттік түрде оқу процесіне енгізілген. Тәжірибелік жұмыс Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде және Шымкент қаласы білім басқармасының «№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген. Экспериментке 10 және 11 сынып білім алушылары тартылған.

Зерттеу барысында аралас оқыту технологиясы мен CLIL әдісін кіріктіре отырып әзірленген оқу-әдістемелік материалдар оқу процесіне енгізіліп,

олардың тиімділігі іс жүзінде тексерілген. Эксперимент нәтижелері білім алушылардың пәндік және тілдік құзыреттіліктерінің даму динамикасын көрсетіп, зерттеу барысында ұсынылған әдістеменің практикалық құндылығын айқындайды.

6. Басылымдардың Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына сай болуы.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша жарияланған еңбектердің жалпы саны – 13, оның ішінде Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналдарда – 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда – 4 мақала, шет елде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 2 мақала, ҚР халықаралық конференция материалдарында - 3 мақала, басқа да авторлық куәлік - 1, оқу құралы - 1.

7. Дәреже беру туралы қорытынды

Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығының және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 09.01.2023ж. жаңартылған нұсқасы негізінде «Дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарын толық қанағаттандырады және Бедебаева Майра Ерсұлтановнаға «8D01503 – Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынылсын.

8. Диссертацияның жіктелік белгілері:

8.1 Диссертация нәтижелерінің сипаты

8.1.2 Маңызды әлеуметтік-мәдени, экономикалық немесе саяси маңызы бар ғылыми мәселені шешу.

8.2 Диссертация нәтижелерінің жаңашылдық деңгейі

8.2.1 Нәтижелері жаңа.

8.3 Диссертация нәтижелерінің құндылығы

8.3.1 Жоғары.

8.4. Диссертация тақырыбының жоспарлы зерттеулермен байланысы

8.4.1 Тақырып мемлекеттік және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар немесе халықаралық зерттеу бағдарламаларына кіреді.

8.5 Қолданбалы маңызы және кеңейтілген пайдалану бойынша ұсыныстары бар диссертация нәтижелерін енгізу (пайдалану) деңгейі.

8.5.3 Сала ауқымында.

Диссертациялық кеңестің төрағасы
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

А.Б.Ибашова

Диссертациялық кеңестің ғалым
хатшысы, философия докторы (PhD)

Д.Т.Белесова



«20» маусым 2025 жыл

Диссертациялық кеңесі сайлаған

есеп комиссиясы мәжілісінің

№ 40 ХАТТАМАСЫ

2025 жылғы «30» маусым

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жанындағы 8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (8D01503 – Информатика педагогін даярлау) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің есеп комиссиясының мәжілісі. «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбында **Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның** диссертациясын қорғау бойынша төмендегі шешімдердің бірін қабылдау үшін электронды форматта жасырын дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін келесі құрамда есеп комиссиясы сайланды:

Есептеу комиссиясының төрағасы: Тамшуглова А.Н.

Есептеу комиссиясының мүшелері: Давешев А.Х.

Исабаева Д.Н.

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы 4 адамнан бекітілген, сондай-ақ диссертациялық кеңестің уақытша құрамына қосымша дауыс беру құқығымен диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес 3 адам енгізілген. Жасырын дауыс беруге ресми рецензенттер 2 адам қатысты. Жасырын дауыс беруге барлығы 9 адам қатысты.

Жіберілген электрондық бюллетеньдер 9

Жіберілмеген бюллетеньдер саны 0

Жасырын дауыс беру нәтижелері:

1) Философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін 9

2) Диссертация пысықтауға жіберілсін 0

3) Диссертация қайта қорғауға жіберілсін 0

4) Философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тартылсын 0

Жарамсыз бюллетеньдер саны 0

Есептеу комиссиясының төрағасы Тамшуглова А.Н.

Есептеу комиссиясының мүшелері Давешев А.Х.

Давешев А.Х.

Исабаева Д.Н.

9 ОТВЕТОВ

 Установить связь с Таблицами 

Сводка


Вопрос

Отдельный пользователь

Вопрос без заголовка

 Копировать диаграмму

9 ответов



- Ибашова Альмира Байдабековна
- Беркимбаев Камалбек Мейрбекович
- Белесова Дамира Турсынхановна
- Mehmet Akif Sozer
- Тажигулова Альмира Избасаровна
- Давлетова Айнаш Халиуплиновна
- Исабаева Даража Нағашыбаевна
- Мукашева Манаргуль Умирзаковна
- Кажиакларова Жадыра Сериковна

9 ОТВЕТОВ

 Установить связь с Таблицами 

Сводка


Вопрос

Отдельный пользователь

Вопрос без заголовка

 Копировать диаграмму

9 ответов



- философия докторы (PhD) даражеси берілсін.
- диссертация пысықтауға жіберілсін.
- диссертация қайта қорғауға жіберілсін.
- философия докторы (PhD) даражесін беруден бас тартылсын.